

ЖЕМ - САҒЫЗ

№28 (7888) 16 шілде, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Төтенше жағдай

АПАТТАН КЕЙІНГІ АЖУАЛ

Табиғаттың тосын мінезі тағы бір мәрте адамзаттың табиғат күшінің алдында қаншалықты әлсіз екенін айқын аңғартты. Кеше ғана мамыражай күй кешкен Қарауылкелді ауылы санаулы минуттың ішінде алапат дауылдың құрсауында қалды. Аспанды торлаған қара бұлт, екпіні күшті жел мен нөсер тұрғындардың күнделікті тыныс-тіршілігін астаң-кестең етті. Үйлердің шатырлары ұшып, ағаштар құлап, электр желілері үзілді, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар бүлінді. Табиғи апаттан кейін аудан аумағында төтенше жағдай жарияланып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен бүлінген нысандарды қалпына келтіру жұмыстары бір сәтке де тоқтаған жоқ. Қазіргі басты міндет – зардап шеккен тұрғындарға дер кезінде көмек көрсетіп, ауылдың қалыпты тіршілігін мүмкіндігінше тез қалпына келтіру.

Апат салдарын жою мақсатында алты бағыт бойынша арнайы комиссия құрылып, мамандар тәулік бойы елді мекенді аралап, зардап шеккен нысандарды түгендеу жұмыстарын аяқтады. Қазіргі таңда құлаған ағаштарды кесу, аумақтарды тазарту және қалдықтарды шығару жұмыстары жалғасуда.

Ендігі кезек – облыстан келген тәуелсіз сарапшылардың қорытындысында. Бүгінде сегіз бригададан құралған мамандар тұрғын үйлер мен өзге де нысандарға келтірілген шығын көлемін бағалап жатыр. Комиссия актілерінің негізінде бүлінген үйлер мен ғимараттарды техникалық тексеру жұмыстарын жүргізу үшін «АқтөбеАудитСтрой» ЖШС, ал мүлкті бағалау жұмыстарын жүргізу үшін «Профэкспертиза» ЖШС-мен тиісті келісімшарттар жасалып, жұмыстар басталып кетті. Сараптама қорытындысынан кейін тұрғындарға өтемақы төлеу және қалпына келтіру жұмыстарына қаржы бөлу мәселесі шешілетін болады.

Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, ауданда 248 жеке тұрғын үйдің зардап шеккені анықталды. Оның ішінде тұруға жарамсыз деп танылған үйлер де бар. Сонымен қатар 21 көпқабатты тұрғын үйдің пәтері, 14 әлеуметтік нысан, 24 кәсіпкерлік нысан және 6 әкімшілік ғимарат зақымданған. Тұрғындардан құрылған Салл-орталыққа төрт күн ішінде 464 өтініш пен хабарлама келіп түсті. Барлық өтініштер тіркеліп, тиісті мекемелерге орындалуға жолданған.

Құрылған комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Рүстем Раушановтың айтуынша, ешбір өтініш назардан тыс қалмайды.



– Қазіргі таңда бағалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қорытынды шыққаннан кейін әрбір тұрғынға келтірілген шығын көлеміне қарай қаражат аударылады. Ең алдымен баспанасынан толық айырылған азаматтарға көмек көрсетіледі. Тұрғындардың түсіністік танытып, сабыр сақтап отырғанына алғыс айтамыз. Көмек кезең-кезеңімен барлық зардап шеккен тұрғындарға көрсетілетін болады, – деді ол.

Аудан әкімінің орынбасарының айтуынша, көрсетілетін көмек көлемі әр нысанның нақты жағдайына қарай анықталады. Қабырғасы сақталып, тек шатыры бүлінген үйлер жөнделсе, толық жарамсыз деп танылған баспаналардың орнына жаңа тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

Дауыл инженерлік инфрақұрылымға да едәуір зиян тигізді. Аудан орталығында электр жарығы, ұялы байланыс, интернет пен ауыз су беру қыз-

меттері 24 сағат ішінде толық қалпына келтірілді.

Электр желісі бойынша ауданда 5220 абонент, яғни 4637 жеке және 583 заңды тұлға тіркелген. Оның ішінде 90 тұрғын үй мен 18 мекемеге жеке қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы 36 электр бағанасы ауыстырылып, алты шақырымға жуық электр желісі қайта қалпына келтірілді. Бұл жұмыстарға Ақтөбе, Қандыағаш қалалары мен Темір ауданынан келген энергетик мамандар жұмылдырылды.

Газ желісі бойынша 46 абоненттің жүйесі жөнделсе, ауыз су жүйесінде құлаған алты бағана қалпына келтіріліп, тұрғындарға су толық көлемде беріліп отыр. Ұялы байланыс операторларының қызметі де қалыпты жұмыс режиміне көшті.

Ал дауыл салдарынан құлаған байланыс мұнарасы «Қазақтелеком» АҚ-ның теңгеріміндегі нысан болғандықтан, оны қалпына келтіру және келтірілген шығынды өтеу мекеменің өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

– Дауыл кезінде құлаған мұнара салдарынан төрт адам жарақат алды. Қазіргі таңда олардың жағдайы тұрақты. Барлық инженерлік инфрақұрылымды толық қалпына келтіруді екі ай ішінде аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыстарға қажетті қаражат аудан әкімінің резерві мен облыстық бюджеттен бөлінеді, – деді Рүстем Раушанов.



Табиғи апат салдарынан баспанасыз қалған алты отбасыдан тұратын 32 тұрғын уақытша Қ.Мұханбетқалиұлы атындағы мектеп-гимназиясының интернатына орналастырылды. Мұнда 100 орындық эвакуациялық пункт ұйымдастырылып, тұрғындарға барлық қажетті жағдай жасалған. Олар күніне үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген, жатын орындары әзірленген, балаларға арналған ойын бұрышы, теледидар қарау алаңы ұйымдастырылып, медицина қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік атқаруда.

Сонымен қатар тұрғындарға құқықтық және психологиялық көмек көрсету мақсатында құрылған Салл-орталық тәулік бойы жұмысын жалғастырып келеді. Бұл жұмыстар «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығының бақылауында.

Төтенше жағдай жарияланған сәттен бастап ауданның барлық мемлекеттік мекемелері, коммуналдық қызметтері, құтқарушылар мен арнайы техникалар қалпына келтіру жұмыстарына жұмылдырылды. Еріктілер де қол ұшын созып, кәсіпорындар арнайы техникаларын бөліп, елмен бірге қиындықты еңсеруге атсалысуда.

Табиғаттың тосын сынағы Қарауылкелді жұртын үлкен қиындыққа душар еткенімен, дәл осындай сәтте елдің ауызбіршілігі мен жанашырлығы айқын көрінді. Қазір ең жауапты кезек – шығынды әділ бағалап, зардап шеккен әрбір тұрғынға уақытылы қолдау көрсету. Қалпына келтіру жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасып жатыр. Ендігі үміт – бағалау қорытындыларының әділ шығуы мен ауылдың қалыпты тыныс-тіршілігінің толық қалпына келуінде.

Әйгерім ЖАРТИНА

Жұмыспен қамту



ЖАС МАМАНДАРҒА ЖОЛ АШҚАН МҮМКІНДІК

Жоғары оқу орны мен колледжі тәмамдаған жастар үшін ең маңызды кезең – мамандыққа сай алғашқы жұмысқа орналасу. Бұл ретте аудандық Мансап орталығы жас мамандарды еңбек нарығына бейімдеп, тұрақты жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктері, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері және жұмыс берушілермен тығыз байланыс нәтижесінде аудан жастарының басым бөлігі мамандығы бойынша еңбек жолын бастап отыр.

Орталықтағы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі маман Әйгерім Рахманның айтуынша, жас мамандарды қолдау – еңбек нарығындағы басты басымдықтардың бірі.

– Біздің басты мақсатымыз – оқуын аяқтаған әрбір жасқа мамандығына сай алғашқы жұмысын табуға қолдау көрсету. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, жұмыс берушілермен тұрақты байланыс орнатамыз. Жастардың еңбек нарығына сенімді қадам басып, тәжірибе жинақтап,

қатысушылардың еңбекақысы мемлекет есебінен субсидияланады.

Биыл аталған бағдарлама бойынша 55 адамды қамту жоспарланған болса, жыл басынан бері 27 жас маман түрлі мекемелерге жолданып, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар Мансап орталығы жұмыс берушілермен бірлесіп бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастырып, жастардың еңбек нарығында тұрақтап қалуына жағдай жасап келеді. Өткен 2025 жылдың қорытындысы бойынша аудандық Мансап орталығына жоғары және арнаулы орта оқу орындарын тәмамдаған 732 жас маман жұмыс іздеуші ретінде жүгінген. Олардың 614-і тұрақты жұмысқа орналасқан. Жұмысқа тұрған жастардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау салаларына, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарына қызметке орналасқан.

Өткен жылы «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 100 адам жоспарланғанымен, іс жүзінде 104 жас маман жолданып, жоспар 104 пайызға орындалған. Бұдан бөлек, «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы бойынша 8 жас, «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы бойынша 6 жас маман жұмысқа жіберіліп, екі бағдарлама да толық орындалған.

Дегенмен еңбек нарығында барлық түлектің бірдей бірден жұмысқа орналасуына мүмкіндік бола бермейді. Мамандардың айтуынша, бұған бірнеше себеп әсер етеді. Атап айтқанда, кейбір мамандықтардың еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес келмеуі, жастардың бастапқы кезеңде жоғары жалақы күтуі және жұмыс тәжірибесінің болмауы. Осындай мәселелерді шешуде «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы түлектердің алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауына және кейін тұрақты жұмысқа орналасуына тиімді мүмкіндік беріп отыр.

Мансап орталығының мамандары жастарға жұмыс іздеуді жүйелі жоспарлауға кеңес береді. Ең алдымен өз мақсатын нақты айқындап, сапалы түйіндеме әзірлеп, Enbek.kz, HeadHunter, LinkedIn сияқты заманауи платформаларды тиімді пайдалану маңызды. Сонымен қатар сұхбатқа тыңғылықты дайындалып, кәсіби байланыс аясын кеңейтіп, біліктілікті үздіксіз жетілдіру еңбек нарығында сұранысқа ие маман болудың басты алғышарттарының бірі саналады.

Әйгерім КАРИМАН



Шаңырақ

АЖЫРАСУ — БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Жаз мезгілі – ақ жаулық желбіреп, ақ неке қиылатын, жаңа шаңырақтардың бой көтеретін ерекше кезең. Әрбір құрылған отбасы – екі адамның ғана емес, тұтас қоғамның болашағына негіз болатын шағын мемлекет. Алайда дәл осы мезгілде түрлі себептермен бір кезде үлкен үмітпен, асқақ арманмен құрылған отбасылардың іргесі сөгіліп, айырылысу туралы шешім қабылдайтындар да аз емес. Ажырасу – тек ерлі-зайыптылардың арасындағы жеке мәселе емес. Оның салдары бала тәрбиесіне, психологиялық ахуалға, әлеуметтік тұрақтылыққа, тіпті қоғамдағы отбасы институтының беріктігіне тікелей әсер етеді. Расы сол, әсіресе соңғы жылдары елімізде ажырасу мәселесі жиі талқыланатын әлеуметтік тақырыптардың біріне айналды. Бұл құбылыс үлкен қалалармен қатар ауылдық жерлерге де тән болып отыр. Бір отбасының ыдырауының артында түсініспеушілік, тұрмыстық қиындық, қаржылық тапшылық, сенімнің жоғалуы немесе зорлық-зомбылық секілді түрлі себептер жатуы мүмкін. Сондықтан ажырасуды тек статистикалық көрсеткіш ретінде бағалау жеткіліксіз. Оның құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және рухани қырларын қатар қарастырғанда ғана мәселенің мәнін терең түсінуге болады. Дәл осы мәселе бойынша аудандағы бүгінгі ахуал қандай? Неке қию мен ажырасу көрсеткіші нені аңғартады? Бір-бірін таңдап қосылған екі адамның ажырасудан басқа жол таппағанына көп жағдайда не себеп болады? Отбасын сақтап қалу үшін қандай жұмыстар жүргізілуде? Осы сауалдарға жауап іздеу мақсатында статистикалық мәліметтерді саралап, полиция, психолог, қорғаушы, отбасын қолдау орталығының өкілі және аудандық мешіт имамының пікірлеріне сүйене отырып, мәселенің түрлі қырын зерделеп көрдік.

ӘР ТӨРТІНШІ НЕКЕ АЖЫРАСУМЕН АЯҚТАЛУДА

Аудандық статистика бөлімінің мәліметіне сүйенсек, 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында 14 жұп заңды некеге тұрса, осы кезеңде 6 отбасының некесі бұзылған. Ал 2025 жылы аудан көлемінде 72 неке тіркеліп, 21 неке ресми түрде ажырасумен аяқталған. Жалпы неке мен ажырасу көрсеткіштерінде халық санының өзгеруі, жастардың сыртқа көші-қоны және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Дегенмен әрбір ажырасудың артында бір отбасының тағдыры, балалардың болашағы мен қоғамның әлеуметтік ахуалы тұрғанын ескерсек, бұл мәселе назардан тыс қалмауы тиіс.

ПОЛИЦИЯ - ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ажырасу рәсімі азаматтық-құқықтық сипаттағы процесс болғанымен, оның барысында құқық қорғау органдарының араласуын қажет ететін жағдайлар аз емес. Дегенмен некені бұзу полицияның құзыретіне кірмейді. Полиция тек азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде, құқық бұзушылық орын алғанда немесе қоғамдық тәртіпті сақтау қажет болған жағдайда ғана әрекет етеді.

Тәжірибеде полицияға көбіне тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасылық жанжал, балаларға қатысты дау-дамай, қорқыту, қудалау, мүлктік келіспеушіліктер және сот шешімдерін орындауға байланысты мәселелер бойынша жүгінеді.

Аудандық полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция лейтенанты Ақжан Құлжанованың айтуынша, отбасындағы жанжал мен тұрмыстық зорлық-зомбылық ажырасуға алып келетін негізгі факторлардың бірі.

– Осындай келеңсіздіктердің алдын алу бағытында полиция басқа мемлекеттік органдармен және «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Ерлі-зайыптыларға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық кеңестер беріліп, тәуекел тобындағы отбасылармен жеке профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай шаралардың басты мақсаты – жанжалдың ушығуына жол бермеу және құқық бұзушылықтың алдын алу. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылық тіркелген жағдайда полиция үшін ең маңыздысы – жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның заңмен қорғалатын құқықтарын сақтау. Себебі татуласу ешқашан адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу немесе құқықтарын шектеуге себеп болмауы тиіс, – дейді инспектор.



Оның айтуынша, профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде өзара келісімге келіп, отбасын сақтап қалған жұптар да бар. Ал кей жағдайда азаматтардың қауіпсіздігі бөрінен жоғары қойылып, ажырасу ең дұрыс шешім ретінде қарастырылады.

Сонымен бірге аудандық полиция бөлімінің мәліметінше, бүгінгі күнге дейін отбасылық зорлық-зомбылық салдарынан ажырасқан отбасылар бойынша жеке статистика жүргізілмейді және нақты тіркелген дерек жоқ.

ОТБАСЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ БАР

«Шаңырақ» отбасын қолдау орталығының директоры Балнұр Ермеқбаеваның айтуынша, орталыққа неке бұзу мәселесі бойынша тұрғындар ай сайын жүгінеді. Алайда бұл олардың міндетті түрде ажырасатынын білдірмейді. Көп жағдайда ерлі-зайыптылар қаржылық қиындықтар, отбасы ісіне үшінші тұлғалардың араласуы немесе екі тараптың да отбасылық жауапкершілікті толық сезінбеуі салдарынан тығырыққа тіреледі.



Орталықтың басты мақсаты – отбасыларды ажырастыру емес, керісінше, шаңырақты сақтап қалуға ықпал ету. Сондықтан көмек сұрап келген азаматтарға алдымен отбасы құндылықтары, ата-аналық жауапкершілік және ажырасудың балалардың болашағына тигізетін әсері туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қажет болған жағдайда ерлі-зайыптылар жеке-жеке орталық психологінің қабылдауына жазылып, бір айдан үш айға дейін психологиялық қолдау алады.

Егер отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік немесе көмелетке толмаған балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар анықталса, мәселе жедел қаралып, тиісті мекемелермен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылады. Ал отбасылық келіспеушілік материалдық қиындықтар мен өзара түсініспеушіліктен туындаған жағдайда, мамандар мәселенің салдарын түсіндіріп, татуласу жолдарын қарастыруға көмектеседі.

Орталықта жас отбасыларға арналған түрлі жобалар мен тренингтер тұрақты



өткізіліп келеді. Психологтің қабылдауына үздіксіз қатысып жүрген отбасылар да бар. Сонымен қатар отбасылық дағдарысқа тап болған жұптар орталыққа өз еркімен, анонимді түрде жүгіне алады. Кейбір жағдайларда азаматтар полиция бөлімі немесе білім бөлімінің жолдамасы арқылы да келеді.

– Отбасы – үлкен одақ. Ол – екі адамның өмірлік ұстанымы мен мақсаттарының бір арнада тоғысуы, барлық жауапкершілікті бірге көтеруі. Үйленгеннен кейін ортақ арман қалыптасады, болашақ бірге жоспарланады. Уақыт өте келе бала дүниеге келіп, жауапкершілік жүгі еселене түседі. Дәл осы кезеңде болмашы нәрсеге бола жанжалдың ушығуы, бір-бірін түсінбеу, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін сезінбеуі отбасының шайқалуына себеп болады.

Өкінішке қарай, бүгінде мұндай жағдайлар жиілеп барады. Қоғамда «отбасын сақтау – тек әйелдің міндеті» деген қате түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, отбасының беріктігіне ер мен әйел бірдей жауапты. Өмірлік серік болуға ұсынысты ер азамат жасайды. Ендеше сол шаңырақты сақтап қалуға келгенде де жауапкершіліктен жалтармауы қажет. Аудан тұрғындарына айтармын – Отан отбасынан басталады. Ал толық емес отбасылардың көбеюі ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне, қоғамдағы береке мен бірліктің азаюына әсер етеді. Сондықтан ажырасу туралы шешім қабылдмас бұрын, ең алдымен сол таңдаудан зардап шегетін баланың болашағын ойлап, мәселені жан-жақты саралап барып шешім қабылдауға шақырамын, – дейді Балнұр Ермеқбаева.

ПСИХОЛОГҚА ЖҮГІНЕТІНДЕРДІҢ САНЫ АРТҚАН

Ажырасудың алдын алуда психологиялық қолдаудың орны ерекше. Осы бағытта аудандағы «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығы тұрғындарға кешенді көмек көрсетіп келеді.

Орталық психологі Айнара Өтептің айтуынша, 2025 жылы және 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында орталыққа отбасылық мәселелер бойынша көптеген азамат жүгінген. Олардың басым бөлігі ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушіліктерді шешу, қарым-қатынасты жақсарту және ажырасудың алдын алу мақсатында кеңес алған.

Әрбір өтініш жеке қаралып, отбасының жағдайына қарай психологиялық, әлеуметтік және кеңестік қолдау көрсетіледі. Мамандар жұбайлардың бір-бірін тыңдай білуіне, ашық сөйлесуіне және туындаған мәселелерді жанжалсыз шешуге ерекше көңіл бөледі.

Психологтің сөзінше, соңғы уақытта ажырасуға арыз бергенімен, кейін өз шешімін қайта қарап, психолог көмегіне жүгінетін ерлі-зайыптылардың қатары көбейген. Көп жағдайда азаматтар эмоцияның жетегінде шешім қабылдағанымен, кәсіби кеңестен кейін ортақ мәмілеге келіп, отбасын сақтап қалуға ниет білдіреді.

Маманның тәжірибесіне сүйенсек, ажырасуға көбіне өзара түсіністіктің болмауы, қаржылық қиындықтар, қызғаныш, сенімсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, зиянды әдеттер мен тұстардың шектен тыс араласуы себеп болады.

– Ажырасу қауіпі көбіне некенің алғашқы бес жылында жоғары екені байқалады. Бұл кезеңде жас отбасы ортақ жауапкершілікке үйреніп, бала тәрбиесі мен тұрмыстық мәселелерді бірге шешуді меңгереді. Сондықтан дәл осы уақытта көрсетілетін психологиялық қолдау ерекше маңызды. Біздің басты мақсатымыз – әр отбасының берекесін сақтап, қоғамдағы отбасы институтын нығайтуға өз үлесімізді қосу, – дейді психолог Айнара Нұрланқызы.



АЛИМЕНТКЕ ҚАТЫСТЫ ДАУЛАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Ажырасу туралы сот шешімі шыққаннан, бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы құқықтық мәселелер мұнымен аяқталмайды. Ортақ мүлік, бала тәрбиесі, алимент өндіру, ата-аналық құқық

пен міндеттерге қатысты даулар жиі туындайды.

Жеке адвокат Қайрат Ізтұрғановтың айтуынша, соңғы жылдары неке бұзу және алимент өндіруге байланысты азаматтардың жүгінуі артқан.

– Нақты санын айту қиын. Дегенмен мұндай істердің көбейгені байқалады. Арасында жас отбасылар ғана емес, бірге тұрғанына он жылдан асқан, бірнеше баласы бар ерлі-зайыптылар да кездеседі. Көп жағдайда қаржылық қиындықтар, өзара түсіністіктің жоғалуы және опасыздық негізгі себеп болып жатады. Мен қай тарап бірінші жүгінсе, сол адамның сенімхаты негізінде оның мүддесін сотта қорғаймын, – дейді ол.

Оның айтуынша, ажырасудан кейін ең жиі кездесетін мәселенің бірі – алимент өндіру. Кейбір азаматтар сот шешіміне қарамастан төлем жасаудан жалтарады. Мұндай жағдайда алимент өндіру рәсімі заң талаптарына сәйкес жеке сот орындаушылары арқылы жүзеге асырылады.

Қорғаушының пікірінше, сотқа дейін екі тарап өзара келісімге келуге тырысқаны дұрыс. Себебі ажырасудың ең ауыр зардабын балалар тартады.



МАҚСАТ - КӨМЕК СҰРАҒАН ОТБАСЫН ҚОЛДАУ

Аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Жантілек Әлібіұлының айтуынша, комиссияға жүгінетін тұрғындардың басым бөлігі отбасы ішіндегі түсініспеушілік, ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, алимент өндіру, әйелдердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша көмек сұрайды. Сондай-ақ көпбалалы және жалғызбасты аналар мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат алуға, жұмысқа орналасу, кәсіп бастау, бала тәрбиесіне қатысты кеңес сұрауға жиі келеді. Мұндай жағдайда комиссия мен сала мамандары азаматтарға құқықтық және психологиялық бағыт-бағдар беріп, тиісті мекемелерге жүгіну жолдарын түсіндіреді. Негізгі мақсат – әрбір өтінішті жан-жақты қарап, заң аясында шешу жолдарын ұсыну.

Отбасы институтын нығайту бағытындағы жұмыстар аудан көлемінде жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Соның бірі – былғы «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығында өткен «Ашық есік күні». Іс-шара барысында тұрғындарға психологтар мен өзге де мамандар тегін кеңес беріп, отбасыдағы өзара қарым-қатынас, бала тәрбиесі, құқықтық мәселелер және мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, жас отбасылармен кездесулер, ата-аналарға арналған семинарлар, отбасы құндылықтарын насихаттайтын мәдени және тәрбиелік шаралар тұрақты өткізіліп тұрады. Мұндай

бастамалар отбасы мүшелерінің өзара түсіністігі мен сыйластығын нығайтуға оң ықпал етеді.

Комиссия әйелдер мен ерлердің заң алдындағы тең құқықтары мен ортақ жауапкершілігін түсіндіруге де ерекше мән береді. Бұл бағыттағы жұмыстар кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер және түрлі ақпараттық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Онда отбасының беріктігі, балаларды бірлесіп тәрбиелеу, өзара құрмет пен жауапкершілік мәселелері кеңінен насихатталады. Сонымен қатар тұрғындарға қажетті ақпарат бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы да тұрақты түрде жеткізіліп келеді.

– Отбасындағы әкенің рөлін арттыруға бағытталған тәрбиелік жобалар да назардан тыс қалған емес. Мәселен, былп Ақтөбе қаласындағы Өнер орталығында өткен салтанатты жиында Байғанин ауданынан екі үлгілі өке марапатталып, ауданнан 15 әкенің қатысуы ұйымдастырылды. Мұндай шаралар әкелердің отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін дәріптеп, жастарға өнегелі үлгі көрсетуді мақсат етеді, – дейді хатшы.

Ажырасу мәселесінде де комиссия алдын алу шараларына басымдық береді. Отбасы мүшелері мұндай шешім қабылдаған жағдайда, алдымен психологтар, заңгерлер және отбасы мәселелерімен айналысатын мамандар кеңес береді. Олар жанжалдың себептерін анықтап, екі тараптың да пікірін тыңдап, мүмкіндігінше өзара келісімге келуге ықпал етеді. Кейбір отбасылар мамандардың кеңесінен кейін асығыс қабылдаған шешімінен бас тартып, ортақ мәмілеге келе алған жағдайлар да кездеседі. Әрине, барлық жағдайда нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Дегенмен мұндай жұмыстар азаматтарға мәселені байыппен саралап, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Бұл ретте балалардың мүддесі мен отбасының амандығы әрдайым басты назарда ұсталады.

ОТБАСЫНЫҢ БЕРІКТІГІ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Отбасылық құндылықтарды нығайту да діни ағартудың да өзіндік орны бар. Аудандық мешітте тұрғындарға неке қию рәсімімен қатар, отбасылық мәселелер бойынша да кеңестер беріледі.

Аудандық мешіттің бас имамы Ержан Көрпебаевтың айтуынша, соңғы екі жылда мешітте неке қию рәсіміне келетін жастардың саны азайған. Орта есеппен екі-үш айда бір немесе екі жұптың ғана некесі қиылады. Осы уақыт ішінде мешітте некесін қиып, кейін ажырасуға байланысты қайта жүгінген отбасылар болмаған.

Иманның айтуынша, кейбір тұрғындар отбасындағы келіспеушіліктер бойынша ақыл-кеңес сұрап келеді. Оның пікірінше, ажырасу белгілі бір жасқа тән құбылыс емес. Бұл мәселе 20 мен 45 жас аралығындағы кез келген отбасының басынан өтуі мүмкін.

– Ислам діні отбасын сақтауға бағытталған барлық ізгі амалдарды құптайды. Ерлі-зайыптылар бір-бірінің құқығына құрметпен қарап, өз міндеттерін адал орындауы тиіс. Хадистерде рұқсат етілген істердің ішінде Аллаға ең ұнамсызы – ажырасу екені айтылады. Сондықтан қандай қиындық болса да, алдымен мәмілеге келуге ұмтылған жөн. Отбасының беріктігі ең алдымен саналы тандау мен дұрыс тәрбиеден басталады, – дейді бас имам.

ТҮЙІН

Статистика көрсеткіші ажырасудың әлі де өзекті мәселе екенін аңғартады. Дегенмен мамандардың пікіріне сүйенсек, соңғы жылдары отбасын сақтап қалуға ұмтылатын азаматтардың саны да артып келеді. Психологқа жүгіну мәдениетінің қалыптасуы, құқықтық сауаттылықтың артуы, мемлекеттік мекемелер мен қоғам институттарының берекесен жұмысы – осы бағыттағы оң өзгерістердің белгісі.

Әйгерім ӨНУАРБЕК

Еңбек адамы

ЕКІ ЖҰМЫС – БІР ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамның дамуы көбіне ауқымды жобалармен, үлкен бастамалармен өлшеніп жатады. Бірақ сол қоғамның тынысын тоқтатпай, тіршілігін алға сүйреп келе жатқан қарапайым еңбек адамдарының еңбегі көп жағдайда көзге көріне бермейді. Олар атқарған ісін жарнамаламайды, жасаған жақсылығын жария етпейді. Дегенмен дәл осындай жандардың жауапкершілігі мен адалдығы ауыл өмірінің берекесін арттырып, елдің бірлігін нығайтады. Сондай азаматтардың бірі - Қарауылкелді ауылының тұрғыны, балабақшада тоғыз жылдан бері күзетші болып еңбек ететін әрі бос уақытында ауыл ішінде «Газель» көлігімен жолаушы тасымалдайтын Нұржан Жәмішев. Бір қарағанда, бұл екі жұмыстың бір-біріне қатысы жоқтай көрінеді. Алайда екеуін де тоғыстырып тұрған ортақ қасиет бар. Ол – адам өміріне деген жауапкершілік, өз ісіне деген адалдық және халыққа қызмет етуді парыз санау.

Ауылдың өзіне ғана тән тіршілігі бар. Мұнда әр адам бір-бірін жақсы таниды, әр шаңырақтың қуанышы да, қиындығы да ортақ. Бір үйде той болса, ауыл болып қуанады, бір отбасына қиындық төнсе, қолұшын созуға асығады. Осындай ортада елдің



шынайы құрметіне ие болу үшін міндетті түрде үлкен қызмет атқарудың немесе атақ-даңқа ие болудың қажеті жоқ. Кейде ең үлкен абырой – күн сайын үнсіз атқарылған адал еңбек пен адамдардың алғысына бөлену.

- Мен қарапайым еңбек адамымын. Әркім өзіне жүктелген міндетті адал атқарса, одан асқан бақыт жоқ, – дейді біздің кейіпкеріміз.

Оның еңбек жолы жиырма жылдан астам уақытты қамтиды. Осы уақыт ішінде түрлі салада еңбек етіп, өмірдің талай белесін өткергенімен, бір қасиеті өзгерген емес. Қандай қызмет атқарса да, оған үлкен жауапкершілікпен қарайды. «Еңбек түбі – береке» деген халық даналығы оның өмірлік ұстанымына айналған.

Бүгінде Нұржанның негізгі жұмысы – ауылдағы балабақшада күзетшілік қызмет атқару. Көпшілік күзетшінің жұмысын сырттай қарапайым көргенімен, бұл қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Балабақша аумағына кіріп-шығатын адамдарды бақылау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу – оның күнделікті міндеті. Ең бастысы – ата-ананың сенім тапсырған аманаты саналатын бүлдіршіндердің қауіпсіздігі.

- Балалар – бөрімізге ортақ аманат. Сондықтан бұл жұмыста қырағылық ешқашан әлсіремеуі керек, – дейді ол.

Әр таң сайын ата-аналар балаларын балабақшаға әкелгенде көңілдері жайланып, жұмысына асығады. Сол сенімнің ақталуына үлес қосып жүрген жандардың бірі осы бүгінгі кейіпкеріміз. Балалардың күлімдеген жүзі мен ата-аналардың алғысы оның еңбегіне берілген ең үлкен баға іспетті.

Күнделікті қызметі аяқталған соң Нұржан тағы бір маңызды іске кіріседі. Ол ауыл ішінде «Газель» көлігімен жолаушы тасымалдайды. Бұл кәсіпке оны жеті жыл бұрын өмірдің өзі алып келген. Себебі ауыл тұрғындары үшін қатынас мәселесі әрдайым өзекті. Біреу аудандық ауруханаға жетуі керек болса, енді бірі теміржол вокзалына асығады. Кейде оқушылар мен студенттер, жұмысқа бара жатқан азаматтар немесе шаруасымен жүрген тұрғындар көлік іздеп жатады. Осындай кезде ауыл адамдары көбіне Нұржанға хабарласады.

Ол үшін бұл тек табыс табудың жолы емес. Бұл – ауыл тұрғындарының қажетіне жарау, олардың уақытын үнемдеу, қиын сәтте қолдау көрсету.

- Қазіргі заманда бір ғана жалақыға қарап отыру оңай емес. Отбасын асы-



рау, балалардың оқуына жағдай жасау керек. Бірақ қандай жұмысты істесем де, адамдардың сенімін ақтауға тырысамын, – дейді еңбекқор жан.

Бүгінде ауыл тұрғындарының көбі Нұржанның байланыс нөмірін біледі. Таңертеңнен кешке дейін телефон тыным таппайды. Бірі мектепке апаруды өтінесе, енді бірі вокзалға жеткізуді сұрайды. Кейде күтпеген жағдайлар да кездеседі. Мәселен, түн ортасында науқас адамды аудандық ауруханаға жеткізу қажет болады. Ондай кезде уақытпен санаспай, жолға шығуға тура келеді.

Жолаушы тасымалы сырт көзге жеңіл жұмыс болып көрінуі мүмкін. Алайда оның артында үлкен жауапкершілік жатыр. Әсіресе қыс мезгіліндегі ақтүтек боран, көктайғақ, күзгі лайсаң мен көктемгі батпақ жүргізушінің кәсіби шеберлігін сынга салады. Сондықтан Нұржан әр сапар алдында көлігінің техникалық жағдайын мұқият тексеруді әдетке айналдырған. Жол үстінде асығыстықтың соңы жақсылыққа апармайтынын, көліктегі әр адамның амандығы ең алдымен жүргізушінің жауапкершілігіне байланысты екенін білетін оған, сақтық – басты қағида.

Екі бірдей жұмысты қатар алып жүру оңай емес. Сондықтан ол уақытын тиімді жоспарлауға дағдыланған. Нұржан Кенжебекұлы бұл жерде отбасының қолдауы ерекше екенін де айтып өтті.

Балабақшадағы бүлдіршіндер де оны ерекше жақсы көреді. Күн сайын «Күзет-

ші ағай!» деп алдынан жүгіріп шығатын балалар демалыс күндері ауыл ішінде «Газель» жүргізіп жүргенін көргенде таңырқап, қуанып жатады. Осындай шынайы ықылас оның көңіліне ерекше жылылық сыйлайды.

Нұржан үшін ең үлкен марапат – халықтың алғысы. Кейде жол ақысы болмай қалған қарияларды немесе қиын жағдайға тап болған ауылдастарын тегін жеткізіп салатын кездері де болады. Себебі ол ауылдағы татулық пен жанашырлықтың ақшамен өлшенбейтінін жақсы түсінеді.

- Жұмыстың жаманы жоқ. Адал еңбек етсең, оның берекесін міндетті түрде көресің. Жастар ең алдымен еңбекқор, жауапты, тәртіпті болуы керек. Үлкен жетістіктің бәрі қарапайым еңбектен басталады, – дейді ол.

Расында, ауылдың тыныс-тіршілігі дәл осындай қарапайым жандардың еңбегімен жалғасып жатыр. Бірі таң атқаннан кеш батқанға дейін елдің қауіпсіздігіне жауап берсе, енді бірі ауылдастарының жолын жеңілдетіп, қажет жеріне жеткізіп жүр. Нұржанның өмір жолы – маңдай термен келген адал еңбектің, адамға деген жанашырлықтың және жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Осындай еңбек адамдары барда ауылдың да тіршілігі тоқтамайды, берекесі де, бірлігі де арта түсері сөзсіз.

Әйгерім ЖАРТИНА

Байғанин ауданында кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй – жайлар тізбесі

№	Ауылдық округтер, елді мекендер атауы	Орналасу орны	Саны
Қарауылкелді ауылдық округі бойынша			
1	Қарауылкелді ауылы	Ә.Төленов көшесі, 16 В «Б.Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мәжіліс залы	1
2	Көкбұлақ ауылы	Сартөбе көшесі №23 мекенжайында орналасқан «Көкбұлақ ауылдық клубы»	1
3	Қосарал ауылы	Болашақ көшесі №13 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қосарал негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
Жаңажол ауылдық округі бойынша			
4	Оймауыт ауылы	Білім көшесі №13 Б мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сағи Жиенбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
Жарқамыс ауылдық округі бойынша			
5	Жарқамыс ауылы	Бәйге төбе көшесі №17 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарқамыс орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
6	Ақтам ауылы	Жағалау көшесі №2 мекенжайында орналасқан Ақтам ауылдық медициналық пункт бөлмесі	1
7	Қаражар ауылы	Орталық көшесі №1 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлмесі	1
Қопа ауылдық округі бойынша			
8	Ебейті ауылы	Жеңіс көшесі №9 мекенжайында орналасқан «Ебейті ауылдық клубы»	1
9	Қопа ауылы	Ақтан көшесі №31 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтан жырау негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
Ащы ауылдық округі бойынша			
10	Ноғайты ауылы	Жағалау көшесі №11 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
Сартоғай ауылдық округі бойынша			
11	Алтай батыр ауылы	Мектеп көшесі №2 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
12	Баршақұм ауылы	Жағалау көшесі №40 мекенжайында орналасқан «Баршақұм ауылдық клубы»	1
Көлтабан ауылдық округі бойынша			
13	Жарлы ауылы	Ардагерлер көшесі №2 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Байғанин орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
14	Қораши ауылы	Қарабұлақ көшесі №13 мекенжайында орналасқан «Қораши ауылдық клуб үйі»	1
Қызылбұлақ ауылдық округі бойынша			
15	Кемерши ауылы	Орталық көшесі №35 Б мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
16	Бұлақтыкөл ауылы	Соркөл көшесі №3 мекенжайында орналасқан Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің филиалы «Бұлақтыкөл ауылдық кітапханасы» оқырмандар бөлмесі	1
17	Жаңатаң ауылы	Ынтымақ көшесі №6 мекенжайында орналасқан Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің филиалы «Жаңатаң ауылдық кітапханасы» оқырмандар бөлмесі	1
Миялы ауылдық округі бойынша			
18	Миялы ауылы	Жем өзені көшесі №4 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Айбергенов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
19	Дияр ауылы	Мектеп көшесі №8 мекенжайында орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Матайқұм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1
БАРЛЫҒЫ			19

ТАРИФТІК САЯСАТТАҒЫ БАСТЫ ҰСТАНЫМ – ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Коммуналдық қызмет тарифтері әрдайым қоғам назарындағы маңызды мәселелердің бірі. Соңғы уақытта газ, электр энергиясы және сумен жабдықтау қызметтеріне қатысты өзгерістер тұрғындар арасында түрлі сауалдар туындатуда. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті өңірдегі тарифтік саясаттың негізгі бағыттары мен енгізілген өзгерістерге түсініктеме береді.

Бүгінде Департамент Ақтөбе облысындағы 50 табиғи монополия субъектісінің 108 реттелетін қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады. Оның ішінде сумен жабдықтау және су бұру, электр энергиясын беру, жылумен жабдықтау, кірме жолдарды пайдалану және тауарлық газды тасымалдау қызметтері бар.

Олардың 12-сі бес жылдық ұзақ мерзімді тариф бойынша жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындар инженерлік желілерді жаңғырту, тозған жабдықтарды ауыстыру және қызмет сапасын жақсарту мақсатында инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда. Қалған 38 кәсіпорын қуаты аз табиғи монополия субъектілері санатына кіреді.

Облыстағы ірі табиғи монополия субъектілерінің қатарында «Aqtobe Su-Energy Group» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Энергосистема» ЖШС және «QazaqGaz Aitmaq» АҚ-ның Ақтөбе өндірістік филиалы бар.

Сонымен қатар, Департамент қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің баға белгілеу тәртібінің сақталуын да бақылайды. Бұл бағытта электр энергиясын бөлшек саудада өткізетін «Энергосистема» ЖШС және табиғи газды бөлшек саудада өткізетін «QazaqGaz Aitmaq» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы мен «Техногаз» ЖШС қызметі мемлекеттік бақылауда.

Газ бағасы неге өзгерді?

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бұйрығына сәйкес тауарлық газдың көтерме бағасы 17,85 теңгеден 26,55 теңгеге дейін, яғни 49 пайызға өсті.

Айта кету керек, газ бағасының негізгі бөлігін көтерме құн құрайды. Ал газды тасымалдау тарифі мен жабдықтау үстеме ақысы өзгеріссіз сақталды.

Көтерме бағаның өсуіне байланысты заңды тұлғалар үшін тариф 31,33 теңгеден 44,85 теңгеге дейін, ал бюджеттік ұйымдар үшін тариф 31,33 теңгеден 44,85 теңгеге дейін, ал бюджеттік ұйымдар үшін 33,43 теңгеден 95,45 теңгеге дейін өсті. Ең бастысы – халық үшін табиғи газ тарифі өзгерген жоқ. Тұрғындар бұрынғы бағамен көгілдір отынды пайдалануды жалғастырады.

Электр энергиясы бойынша өзгерістер

Электр энергиясымен жабдықтау бағасы биылғы 1 мамырдан бастап қайта қаралды. Бұған электр энергиясын өндіруші ұйымдардың тарифтерінің өсуі және электр қуаты нарығындағы жүйелік қызметтердің қымбаттауы әсер етті.

Нәтижесінде тариф тек бюджеттік ұйымдар үшін өзгертілді. Олар үшін электр энергиясының бағасы 67,07 теңгеден 125,78 теңгеге дейін өсті.

Ал халық, кәсіпкерлік субъектілері және басқа да тұтынушылар үшін электр энергиясының тарифтері бұрынғы деңгейде сақталды.

Су тарифтері қалай өзгерді?

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтері 2026 жылғы 1 шілдеден бастап «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қайта қаралды.

Дегенмен, бұл өзгерістер де әлеуметтік бағытты сақтай отырып жүргізілді. Халық пен заңды тұлғалар үшін су тарифтері өзгеріссіз қалдырылды.

Тек бюджеттік ұйымдар үшін сумен жабдықтау тарифі 3,5 пайызға, ал су бұру қызметінің тарифі 5,5 пайызға артты.

Халыққа түсетін жүктеме артқан жоқ

Тарифтік саясатты қалыптастырудағы басты мақсат – коммуналдық инфрақұрылымның сенімді жұмысын қамтамасыз етіп, қызмет сапасын арттырумен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеру.

Сондықтан енгізілген өзгерістердің басым бөлігі заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдарға қатысты болды. Ал тұрғындар үшін газ, электр энергиясы, сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша қолданыстағы тарифтер сақталды.

Бұл өз кезегінде халыққа түсетін қаржылық жүктемені арттырмай, коммуналдық саланы кезең-кезеңімен жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Аудандық ішкі саясат бөлімі

ИНТЕРНЕТТЕГІ РАДИКАЛДЫ КОНТЕНТКЕ ТОСҚАУЫЛ – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ақпаратқа қолжетімділікті арттырғанымен, интернет кеңістігінде радикалды және экстремистік мазмұндағы материалдардың таралу қаупі де сақталуда. Мұндай контент қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіріп, азаматтарды, әсіресе жастарды, теріс идеологияның ықпалына ұшыратуы мүмкін.

Осыған байланысты радикалды контентті анықтау, оның таралуын шектеу және заңсыз материалдарды бұғаттау – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бағы-

ты. Әрбір азамат ақпаратты тек сенімді әрі ресми дереккөздерден алып, күмәнді материалдарды таратудан бас тартуы қажет. Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мен медиасауаттылықты арттыру – радикалды идеологияның алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Байғанин аудандықдін мәселелері және қоғаммен байланысжөніндегі орталығы



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНДЫҚ «ЖЕМ-САҒЫЗ» ГАЗЕТІНДЕ ТІРКЕЛГЕН САЯСИ ПАРТИЯЛАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

- Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда
1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
- Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда
- Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50%.
Аудандық «ЖЕМ-САҒЫЗ» газетінің таралымы -1325 дана.
Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет:
Бейсенбі күні — D2 форматта;
- Тіркелген саяси партияларға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына саяси партияның сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
- Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Жем-сағыз газеті» қалауы бойынша жүзеге асырылады.
- Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін
3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
- Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
- Жасалған шарт бойынша «ЖЕМ-САҒЫЗ» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
- Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2026 жылғы 23 шілдеден бастап 2026 жылғы 17 тамызы күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.

P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мекен-жайымыз: Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д Қонаев көшесі, 35-үй.

«ЖЕМ-САҒЫЗ газеті»

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Елімізде 2024 жылдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз ету және азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Бұл бастама табиғатты қорғауға ғана емес, қоғамда заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған.

Президент бастамасымен қолға алынған бұл жоба бүгінде жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Өйткені таза әрі жайлы орта қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың немесе коммуналдық қызметтердің міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың туған жеріне деген жауапкершілігі мен жауапкершілігінің көрінісі.

Осы бағыттағы құқықтық негізді жетілдіру мақсатында Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 3 маусымдағы бұйрығымен қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың жаңа үлгілік қағидалары бекітіліп, олар 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа қағидаларға сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне тиесілі ғимараттар мен жер учаскелерін ғана емес, оларға іргелес орналасқан кемінде бес метр аумақтың тазалығын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл аумақта қоқыс жиналмауы, шөп уақытылы шабылуы, қыс мезгілінде қар мен мұз тазартылуы және санитарлық талаптардың сақталуы қажет.

Сондай-ақ тұрмыстық және басқа да қалдықтарды тек арнайы белгіленген контейнерлерге немесе қоқыс жинау орындарына шығару міндеттелген. Құрылыс қалдықтарын бейберекет төгуге жол берілмейді. Бұдан бөлек, автокөліктерді көгалдарға, гүлзарларға, саябақтарға және балалар ойын алаңдарына қоюға тыйым салынған. Үй жануарларын серуендету кезінде олардың қалдықтарын тазалау да меншік иелерінің міндетіне енгізілді. Бұл талаптардың барлығы елді мекендердің көркін сақтау мен тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі таңда заңсыз қоқыс төгу фактілерін анықтау тек рейдтік іс-шаралармен ғана шектелмейді. Өлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізіліп, тұрғындардың хабарламалары негізінде рұқсатсыз қоқыс орындары анықталуда. Бұл азаматтардың қоршаған орта мәселесіне бейжай қарамай, қоғамдық бақылауға белсенді қатыса бастағанын көр-

сетеді. Мұндай қоғамдық белсенділік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және заң талаптарының орындалуына оң әсерін тигізеді. Қолданыстағы заңнамада абаттандыру қағидаларын сақтамағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 505-бабына сәйкес абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін бүлдіру немесе жасыл екпелерді жою әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Құқық бұзушылықтың мән-жайына қарай ескерту жасалуы немесе әкімшілік айыппұл салынуы мүмкін.

Бұдан бөлек, елді мекендердің тазалығы мен қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысты ӘҚБтК-нің 434-2-бабына сәйкес қоғамдық пайдалану орындарын, көшелерді, саябақтарды, аулаларды және өзге де ортақ аумақтарды ластағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, ағымдағы жылдың алты айында Республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарында жоғарыда көрсетілген баптар бойынша 12 575 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Құқық бұзушыларға миллиондаған теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынып, олардың едәуір бөлігі өндірілген.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде сот әрбір істің нақты мән-жайына, жан-жақты құқықтық баға береді. Егер азаматтың кінәсі дәлелденсе, жаза құқық бұзушылықтың сипатына, кінәні мойындауына, өкінуіне, бұрын жауаптылыққа тартылған-тартылмағанына, сондай-ақ оның отбасылық және материалдық жағдайына қарай жеке дара айқындалады.

Мәселен, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының 2026 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен Н. есімді азамат ауыл ішіндегі электр бағанасының түбіне тұрмыстық қалдықтарды тастағаны үшін ӘҚБтК-нің 434-2-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Сот оның кінәсін мойындауы, жасаған ісіне өкінуі, бұрын әкімшілік жауаптылыққа тартылмағаны және материалдық жағдайын ескере отырып, заңда көзделген мүмкіндікті пайдаланып, әкімшілік айыппұл мөлшерін 30 пайызға қысқартты.

Сонымен қатар соттың қызметі құқық бұзушыны жауапқа тартумен ғана шектелмейді. Сот құқық бұзушылыққа себеп болған мән-жайларды анықтап, олардың жойылуына

ықпал ету жөнінде де заңда көзделген шараларды қабылдайды.

Осындай істердің бірінде Ақтөбе облысы Байғанин аудандық соты Қарауылкелді ауылында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару жүйесінің талапқа сай ұйымдастырылмағанын анықтады. Іс материалдарынан ауылда тұрғындарға арналған контейнерлік алаңдардың жеткіліксіздігі, қалдықтарды орналастыру орындарының нақты белгіленбеуі және қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесінің толық ұйымдастырылмағаны белгілі болды. Осыған байланысты сот Ақтөбе облысы бойынша Экология департаментіне тиісті шаралар қабылдау туралы хат жолдаған.

Нәтижесінде Экология департаменті тексеру жүргізіп, анықталған заң бұзушылықтар бойынша кінәлі лауазымды тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тартып, аудан әкімдігіне заң бұзушылықтарды жою және алдағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде жекеше ұсыну енгізді.

Бұл мысал соттың тек құқық бұзушылық үшін жаза тағайындайтын орган ғана емес, құқық бұзушылықтардың себептері мен оған ықпал ететін жағдайларды жоюға, мемлекеттік органдардың заң талаптарын сақтауына ықпал ететін маңызды құқықтық институт екенін айқын көрінісі.

Сонымен, әкімшілік жауапкершіліктің мақсаты тек жазалау емес. Оның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың заңға құрметін арттыру және олардың қоғамдық тәртіпті сақтауға деген жауапкершілігін қалыптастыру. Сондықтан әрбір азамат қоршаған ортаның тазалығын сақтауды өзінің күнделікті өмір салтына айналдыруы қажет.

Таза аула, таза көше, таза ауыл мен қала – барлығымыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Егер әркім өз үйінің маңын, өзіне тиесілі аумақты таза ұстап, заң талаптарын сақтаса, қоршаған ортаның тазалығы мен елді мекендердің көркі де айтарлықтай жақсарады.

«Таза Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты – тек көшелерді тазалау емес, қоғамда тазалық мәдениетін, заңға құрметті және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.

Сондықтан жаңа абаттандыру қағидаларын сақтау – әрбір азаматтың заң алдындағы міндеті ғана емес, туған жерге деген құрметінің нақты көрінісі. Заң талаптарын сақтау мен тазалыққа ұқыпты қарау арқылы ғана біз келешек ұрпаққа таза, көрікті әрі жайлы Қазақстанды аманат ете аламыз.

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының судьясы Н.М. АЛИМБЕКОВ

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Еске алу

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛУ



Уақыт өткен сайын асыл жандардың жарқын бейнесі жүрегімізде бұрынғыдан да биіктей түседі.

Асыл әкеміз Шонаев Қопайдың дүниеден озғанына 30 жыл, аяулы анамыз Шонаева Ырыстының өмірден озғанына 44 жыл толуына орай, олардың жарқын бейнесін сағынышпен еске алып, рухтарына тағзым етеміз.

Өмірден өтсе де, өнегелі ғұмыры, адал еңбегі мен мейірімге толы жүрегі ұрпақтарының жадында мәңгі сақталады.

Өкежан шаңыраққа болдың пана
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда
Сағындық, әке сізді баршамызда.

Жан-әке, ұл қызыңның тірегі едің
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің
Болмасаңда бүгін біздің жанымызда
Айтқан сөзің, ақылдарың жадымызда.

Өшпейді әке сенің жаққан шырағың
Тоқтамайды сусындаған бұлағың
Немерелер жалғайды әке күніңді
Сізге арнап таусылмайтын жыр, әнін

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып
Ел айтады, жұрт айтады жарысып
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың
Жатқан шығар рухыңменен қауышып.

Кетсеңде Ана, бізден алыс жырақтап
Балаларың үмітіңді жүр ақтап
44-жыл өтсін, мейлі қанша жыл
Жүректесің қаласың сен тұрақтап.

Еске аламыз Ана сізді сағынып
Бұл берілген тағдырға біз бағынып
Мейірімді, жаны жайсаң Ана боп
Жадымызда қаласың сен жаңғырып

Бәйтеректей әулетке сая болған
Берінен де мейірімін аямаған
Жәннәтта рухтарың болсын биік
Өздеріңдей қайда бізге аяулы адам.

Жарық болсын Өке Ана жатқан жеріңіз
Жұмақ болсын паналайтын төрлеріңіз
Дұға етеміз еске алып сіздерді
Жүректесің мәңгілікке сеніңіз!

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Еске алу

**Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы
Құрылысшылар көшесі №1-Б үй
Досымыз Бұқтығалиұлы Амантұрлының өмірден өткеніне 1 жыл болуына орай еске аламыз.**

Бір жыл өтті Сіз кеткелі арадан,
Өшпес мәңгі, кетпессіз бір санадан.
Оралады есімізге әрдайым,
Нұрланған бір күлім көзің қараған.

Сыйласатын үлкен-кішімен,
Ықпалдың мықты күшінен.
Дұға арнап, есіне алады,
Немерелерің өзің өсірген.
Жетімді жебеп демедің,
Жұртыңа тиді көмегің.
Жаныңа батып сырқатың,
Жалғаннан ерте жөнелдің.

Кішіпейіл, кешірімді жансың,
Иманды болғайсың сен жәнатта.
Алдыңнан жарылқасын періште,
Дұғамды қабыл қылсын бұл жақта.

Еске алушы досың: Қаныбек Ақтөбе қаласы. 16.07.2026 жыл.

Байғанин аудандық ауруханасының ұжымы мен «Qatqoq» кәсіподақ ұйымы Алтай ДА жедел жәрдем жүргізушісі **Нұрлыбаев Мұрат Айтбайұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1325
Тапсырыс №1057
Көлемі 1 баспа табақ.